

МӨЖ ұйымдастыруға арналған әдістемелік нұсқаулықтар

1. Бақылау тапсырмалары

Бұл ПОӘК оқытудың мақсаты мен мазмұнын басшылыққа ала отырып, магистранттың алған білім, білік және дағдыларын тексерудің әртүрлі формаларын пайдалануды құрастырады.

Бұл аталған бағдарламаның мазмұнын жүзеге асыруды келесі өздік жұмыс түрлері қолданылады: карточкалармен жеке жұмыс, жазбаша түрдегі бақылау жұмысы, белгілі бір мәтінді бақылау жұмысы, тест тапсырмаларын орындау.

МӨЖ негізгі формалары мен түрлері:

- 1) Реферат -ғылыми жұмыстың, кітаптың мазмұнына аналитикалық талдау жасау немесе оқуға берілген әдебиеттерге шолу жасау арқылы мәселені жазбаша түрде баяндау.
- 2) Коллоквиум -оқу материалдарын меңгеру сапасын анықтау мақсатында белгілі бір пәннің әңгімелесу түрінде жүргізілетін өздік жұмысты бақылау түрі.
- 3) Эссе-әр түрлі жанрдағы, мысалы, сын, керкем әдебиет, публицистика және т.б.
- 4) Мақсаттар ағымы -мәселенің мақсатын деңгейлер бойынша анықтауға арналған тапсырмаларды деңгейде анықтау; жұмыстың сапасын анықтайтын өлшемдерді таңдау және бақылау тапсырмаларының түрлері.
- 5) Презентация - берілген мәселені слайдтар, видеороликтерді қолдану арқылы ұсына отырып ауызша айту.
- 6) Жағдаяттық тапсырмалар -әр түрлі жағдаяттарды суреттеу және оларға арналған тапсырмалар тізімін жасау.
- 7) Іскерлік ойындар - магистранттардан алдын ала дайындықты қажет ететін және өзбетінше қорытынды жасай алатын, келешектегі кәсіби әрекетіне қажетті, кез келген үдеріске имитация жасай алу іскерлігіне бағытталған

ойын түрі.

8) Топтық жоба жұмысы- 3-5 магистранттан құралған топқа жоба жұмысын жасауға арналған тапсырма.

9) Жеке жоба жұмысы жақсы дайындалған магистранттарға арналған белгілі бір актуальды тақырыпқа зерттеу жұмысын жүргізуге бағытталған жоба жұмысы.

10) Глосарий-берілген тақырыптарға және терминдерге қысқаша түсініктеме. Әрбір пән бойыпша МӨЖ формалары мен түрлерін таңдап алу оқытылып жатқан пәннің өзіне тән ерекшелігімен, оның мақсаты мен міндеттерімен, пәннің қиындық және актуальды дәрежесімен магистранттардың дайындық деңгейімен және пәннің сыйымдылығымен тығыз байланыста болады.

Белгілі бір мәтінге арналған өздік жұмыстың үлгісі.

1) мәтінді оқыңыз және мәтінге берілген сұрақтарға жазбаша түрде жауап беріңіз.

2)мәтіннен жекеше түрдегі зат есімдерді тауып, оларды көпше түрдегі зат есімдерге айналдырыңыз.

3)мәтіннен «of» предлогымен келетін құрамды тіркестерді тауып, оларды орыс тіліне аударыңыз. Зат есімдерді «of» предлогымен атау және ілік септіктеріне ауыстырыңыз.

4) мәтіннен сын есімдер мен үстеуді тауып, оларды орыс тіліне аударыңыз және сын есімнің салыстырмалы шырай формасына койыңыз.

5) мәтінді жазбаша түрде аударыңыз. Аудару барысында ағылшын қазақ тіліндегі

сөздікті қолданыңыз (мәтін берілген бақдарлама аясында болады) және т.б.тапсырмалар.